12. 01. 2026ж
№ 205-65

«Астананың санитарлық-қорғау жасыл аймағын күтіп-ұстау және дамыту үшін заңды тұлғаны айқындау туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 29 тамыздағы № 205-3054 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы», «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне орман шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар және жеке кәсіпкерлік субъектілерінің міндеттемелеріне кепілдік беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2025 жылғы 26 маусымдағы № 198-VIII заңдарына сәйкес Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. «Астананың санитарлық-қорғау жасыл аймағын күтіп-ұстау және дамыту үшін заңды тұлғаны айқындау туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 29 тамыздағы № 205-3054 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулыда:

1-тармақтағы «Астананың санитарлық-қорғау жасыл аймағын» деген сөздер «Астананың орманды саябақ аймағын» деген сөздермен ауыстырылсын.

2. «Астана орманы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі – серіктестік) Жарғысына енгізілетін өзгеріс осы қаулыға қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Серіктестік Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамын серіктестіктің Жарғысына енгізілген өзгерістер туралы хабарласын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Н.Ж. Нұркеновке жүктелсін.

Әкім **Ж. Қасымбек**

«Астана қаласы әкімінің аппараты» ММ
Мемлекеттік-құқықтық бөлімі

Астана қаласы
әкімдігінің және әкімінің актілері үшін

Астана қаласы әкімдігінің
2026 жылғы «12» 01
№ 205-65 қаулысына
қосымша

«Астана орманы» жауапкершілігі шектеулі
серіктестігінің Жарғысына
енгізілетін өзгеріс

«Астана орманы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Жарғысында 10-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«10-1. Серіктестік қызметінің негізгі мақсаты астананың орманды саябақ аймағын күтіп-ұстау және дамыту.».

12. 01. 2026г
N 205 - 65

**О внесении изменений
в постановление акимата города
Астаны от 29 августа 2025 года
№ 205-3054 «Об определении
юридического лица для содержания
и развития санитарно-защитной
зеленой зоны столицы»**

В соответствии с Гражданским кодексом Республики Казахстан, законами Республики Казахстан «О товариществах с ограниченной и дополнительной ответственностью», от 26 июня 2025 года № 198-VIII «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам лесного хозяйства, особо охраняемых природных территорий и гарантирования обязательств субъектов частного предпринимательства», акимат города Астаны **ПОСТАНОВЛЯЕТ**:

1. Внести в постановление акимата города Астаны от 29 августа 2025 года № 205-3054 «Об определении юридического лица для содержания и развития санитарно-защитной зеленой зоны столицы» следующие изменения:

в вышеуказанном постановлении:

в пункте 1 слова «санитарно-защитной зеленой зоны столицы» заменить словами «лесопарковой зоны столицы».

2. Утвердить изменение, вносимое в Устав товарищества с ограниченной ответственностью «Астана орманы» (далее – товарищество), согласно приложению к настоящему постановлению.

3. Товариществу, в установленном законодательством Республики Казахстан порядке, уведомить некоммерческое акционерное общество «Государственная корпорация «Правительство для граждан» об изменении, внесенном в Устав товарищества.

4. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на первого заместителя акима города Астаны Нуркенова Н.Ж.

Аким **Ж. Қасымбек**

«Астана қаласы әкімінің аппараты» ММ
Мемлекеттік-құқықтық бөлімі

Астана қаласы
әкімдігінің және әкімінің актілері үшін

Приложение
к постановлению акимата
города Астаны
от «12» 01 2026 года
№ 205-65

Изменение, вносимое в Устав
товарищества с ограниченной ответственностью
«Астана орманы»

В Уставе товарищества с ограниченной ответственностью «Астана орманы» пункт 10-1 изложить в следующей редакции:

«10-1. Основной целью деятельности товарищества является содержание и развитие лесопарковой зоны столицы.».